

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының қамқоршылық кеңес мүшелерінің хаттамасы
№1

2023-2024 оқу жылы

Күні: 23 қыркүйек 2023 жыл

Қатысуға тиісті -16

Қатысқандар- 9

Негізгі құрам:13

Күн тәртібінде:

1. Өткен оқу жылының есебін талдап, жаңа оқу жылына жоспар ұсыну.
2. «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасыларына көмек ұйымдастыру;
3. Жаңа оқу жылына арналған ҚК және мониторингтік топ құрамын, төрайымын сайлау;
4. Онлайн оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру.
5. Ағымдағы мәселелер (мұғалімдерді жұмысқа конкурс арқылы қабылдау, мектептің ішкі тәртіп ережесі)

1-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С., сөз алды: 2022-2023 оқу жылының есебіне тоқталатын болсақ: светельник, принтер, футболка, герб, флаг, мольберт, кабинет биология, кабинет бастауыш сынып, видео бақылау камералары, смеситель, армстронг және спорттық материалдар және т.б алынды.

Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасалды. Жоспар бойынша алдағы уақытта жасалатын жұмыстарға қосымша ұсыныстар бар. 2023-2024 оқу жылының басында қамқоршылық кеңес мүшелерінде өзгерістер енгізіп, жаңа құрам сайланады. Қамқоршылық кеңестің мүшелерінен талапқа сай барлық құжаттар жинақталды. Сол жоспарға сәйкес мектепте атқарылып жатқан шараларға өз үлесімізді қосуда құрам мүшелері қатысуға болады.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Бисембаева Н.С. сөз алды: «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасыларына көмек ұйымдастыру кезінде 42 балаға 478 мың теңгеге көмек берілді, шілде айында -30 балаға, тамызда-7 балаға, тамыз айында -15 балаға, қыркүйек айында - 4 балаға, жалпы -56 балаға көмек көрсетілді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын қадағалап, жүйеленуі қадағаланады. Аз қамтылған санаттағы оқушыға қаржылай көмек беру алдағы уақытта да өз жұмысын жалғастырады.

3-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С., сөз алды: 2023-2024 оқу жылының басында қамқоршылық кеңес мүшелерінде өзгерістер енгізіліп, жаңа құрам сайланды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Мусағалиев Бауыржан Бақытжанович сайланды. Қамқоршылық кеңестің мүшелерінен талапқа сай барлық құжаттары жинақталды. Б.Б.Мусағалиев - ата-аналар комитетінің төрағасы. мониторинг топ мүшесі болып Сулейменова А.А сайланды.

А.А.Сулейменова- қамқоршылық кеңес мүшесі

Н.С.Бисембаева – әлеуметтік педагог

Б.Р.Джуматова – мектеп медбикесі

Л.С.Крайнова – асхана меңгерушісі

4-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С. сөз алды: 7 «в» сынып оқушысы отбасының шет елге көшуіне байланысты 11.09.23.23.10.2023 ж дейін онлайн оқуға ауысып отыр. 6 «Б» сынып оқушысы Ізгілік Аян денсаулығына ота жасатуына байланысты 1 тоқсан бойы онлайн форматта оқиды. Ата - анамен байланыс жасап отыру сынып жетекшілеріне жүктелді.

5-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С. сөз алды: жаңа оқу жылында ата - аналармен тығыз байланыста болу, бала отбасымен бірге кітап оқу, талдау жұмыстарын алдағы уақытта басты назарда болады. Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау сәтінде сіздердің күзиреттеріңізде, дауыстарыңыз есептеледі.



ҚК төрағасы Мусағалиев Б.Б сөз алды: осы жылда жалпы ата -аналар жиналысы жиі ұйымдастырылып, спикерлер, тренингтер өткізілсе. «Әке мен ана» клубы қолға алынып кітапханадан кітап алып оқуға жұмыстанып, 1 айда 25 оқушыға оқыту, тәрбие сағатында талқылауға жұмыстанса. Сонымен қатар ата -аналарға кітап оқыту ұйымдастырылса. Мектеп формасы, ішкі тәртіп жұмысы әрі қарай жұмыстансын.

Қаулы:

1. ҚК 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасыларына қажетті жағдайда көмек ұйымдастырылсын.
3. Жаңа оқу жылында ҚК- тің құрамы өзгертіліп сайлансын, төрағасы Мусағалиев Б.Б болып және мониторингтік топ құрамы бекітіліп, жұмыс жандандырылсын.
4. Онлайн оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру қадағалансын.
5. Ата-аналармен байланыста болып мектеп формасы, ішкі тәртіптің жүргізілуі жалғастырылсын.

Жиналыстың төрағасы :

Хатшысы:

Мусағалиев Б.Б

Өмірзақ Г.Ж